

ЖАҢАЛЫҚТАР

СЕКСЕУІЛДІКТЕР
АЛҒЫС АЙТАДЫ

Сексеуіл станциясында сан жылдан бері теміржолдың бір жақ бетінде тұратын мектеп оқушылары келесі бетіндегі оқу орындарына темір жол арқылы өтіп баратын. Осы кенттегі 360 бала күн сайын мектепке бару үшін 14 жолдан тұратын станцияның қауіпті теміржол аймағын кесіп өтуге мәжбүр болды.

Мәселе жергілікті және республикалық баспасөзде талай көтерілді. Жақында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Темір жолды жағалап топ бала жүр» деген мақала Қазақстан Президентінің назарын аударып, Мемлекет басшысы бұл туралы ойын өзінің Твиттер парақшасында бөлісіп, Қ. Тоқаев өзекті мәселені шешуді Үкіметке тапсырған. Міне, сексеуілдіктер қазіргі таңда кенттің осы үш жүзден астам бала тұратын бөлігінде жаңа мектеп құрылысы басталды деген сүйінші хабармен бөлісті.

– Ел ертеңі – балалардың қауіпсіздігі мен өміріне қатысты өткір мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей араласуымен шешімін тапты. Енді бұл оқушылар да, келесі жылдары мектеп жасына жететін өзге балалар да мектепке бару үшін темір жолды кесіп өтпейтін болды. Халықтың өзекті мәселесіне құлақ түріп, шешімін табуға ықпал еткен Президентімізге бүкіл Сексеуіл халқы алғысын білдіреді. Өзім теміржолшы болғандықтан аса қауіпті аймақ саналатын теміржолдан бала түгелі ересек адамның өтуіне біз алаңдап отырамыз, – дейді Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғанов.

Ұлан ОРАЗ

ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Елордада қала сыртына рұқсатсыз қоғиыс төгу фактілерін анықтау мақсатында рейд жүргізгенде «Нұрлы жол» вокзалының айналасы қоғиыстармен ластанғаны анықталды.

Соның нәтижесінде құрылыс қалдықтарын елорда іргесіне апарып төккен кәсіпорындар мен қала тұрғындары 55 560 теңге айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Биыл жыл басынан бері құрылыс компаниялары, ПИК, ЖШС және жеке тұрғындарға, жалпы 2 мыңнан астам адамға 36 млн теңге айыппұл салынды.

Сала мамандарының айтуынша, «Нұрлы жол» вокзалының артында үлкен шұңқыр бар. Кейбір құрылыс компаниялары және өз пәтерінде жөндеу жүргізетін азаматтар мұнда түнде келіп қоғиысты төгіп кетеді. Заңға сәйкес олар құрылыс қалдықтарын мамандандырылған экологиялық полигонға апаруы керек. Ол Павлодар тасжолы бойымен Алаш тасжолында орналасқан. Олар құрылыс қалдықтарын өңдейтін жерге апаруы тиіс. Құрылыс қалдықтарын заңсыз төгудің жолын кесуге және ол үшін арнайы орын белгілеуді тапсырған болатын. Азаматтардан тазалық мәдениетін қалыптастыру қажеттігі қатаң талап етілуде.

Нұрай СӨРЕНҒАЛИ

ҚАЙҒЫЛЫ СТАТИСТИКАНЫ
АРТТЫРАДЫ

Ақмола ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары қайғылы жағдайлардың алдын алу бойынша вокзалда, перронда және Көкшетау станциясының вокзал алды алаңында профилактикалық шара өткізді. Ақция теміржол көлігі нысандарындағы, әсіресе кәмелет жасқа толмағандармен байланысты қайғылы жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

Олар теміржол аумағын аралап жүріп, ақмолалықтар мен қала қонақтарына пойызды станцияның белгіленген орындарында, вокзалда күтіп, перронға кіріп-шығу, пойыз жақындап қалғанда платформа шетінен санағанда 3 метрден кем емес қашықтықта тұру керектігін, жолаушыларды отырғызу немесе түсіру пойыз толық тоқтаған соң ғана жүргізілетінін тәптіштей түсіндіріп, арнайы ескерту парақшаларын таратты. Бүгінгі таңдағы жағдайға байланысты коронавирус індетінің таралмауы үшін адамдар арасындағы қашықтықты сақтап, маска мен қолғап кию аса маңызды екенін ескертті.

– Теміржолдағы қайғылы оқиғалар статистикасынан кейін осындай ақциялар өткізіп, қарапайым нәрселерді еске салып отыруға мәжбүрміз. Азаматтардың абайсыздығы – осы қайғылы статистиканы арттырып отыр. Балалар үлкендердің қадағалауында болуы тиіс. Вокзал мен перрондарда ғана емес, сонымен қатар теміржолға жақын кез келген жерде ойнауға ғана емес, жүруге тыйым салынады. Біз жолаушыларға осыны жеткізуге тырысамыз, соны естеріне сақтауы үшін жадынамалар таратамыз, үш адамның бірі содан қорытынды шығарса, біздің еңбегіміздің ақталғаны, – дейді Ақмола ЖТ бөлімшесінің техникалық бөлімінің бастығы Гүнар Шинкович.

Ақция барысында теміржолшылар халыққа жолды тек арнайы белгіленген жерлерден: жаяу жүргіншілер көпірлері мен тоннелдер арқылы кесіп өтуі керектігін, жастарға құлаққаппен музыка тыңдамау керектігін ескертті. Себебі бұлардың бәрі айналады дұрыс көріп, артық дыбыстарды естуге кедергі келтіреді.

Пойыз машинисі берген дыбыстық белгілерге дұрыс мән беріп, вокзал дикторының дауыс зорайтқышпен айтқан хабарламасын мұқият тыңдау да маңызды. Бойында кернеуі бар нысандарға жақын баруға болмайды. Түйіспелі электр желісінен тоққа түскен жағдайда адам сол мезет тіл тартпай кететіні жайлы қайғылы статистикадан мысал да келтірілді. Вагондардың төбесіне, басқыштарына, өту алаңдарына, автотіркегіштеріне мінуге тыйым салынатыны, сондай-ақ, пойыз жүріп бара жатқанда пойызға мінуге және түсуге, вагон ішінде терезеден және тамбур есігінен бас шығарып қарауға болмайтыны қайталап айтылды.

Ұлан ОРАЗ

ТОЛАСКЕЗ

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖАЛҒАСУДА

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру үшін технологиялық талапқа сай жолдарды жаңалап отыру – теміржолдағы басты талаптардың бірі. Жол табанын жөндеу, жаңалау жұмыстары жыл сайын жазғы маусымда тұрақты жүргізіледі.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда-Сұлтөбе

Күннің аптап ыстығына қарамастан Қызылорда ЖТ бөлімшесінде биылғы жылға жоспарланған жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары бөлімшенің 16-бекет-Сұлтөбе станциясы-15-бекет аралығында жүргізілуде, ал мамыр айында Шиелі станциясы мен 20-бекет арасы теліміндегі тақ жолдың 2930-2940-шақырымдары күрделі жөндеу жұмыстары орындалған еді. Қазіргі таңда бұл телімде жұмыстар толық тәмамдалып талапқа сай учаскелік жылдамдық беріліп, жылжымалы құрамдар жүріп жатыр. Күрделі жөндеу кезегі 16-бекет-Сұлтөбе станциясы-15-бекет аралығындағы 8,8 км жолға жүргізілуде.

Жолға күрделі жөндеу жұмысына маманданған мердігер компания «Integra Construction KZ» серіктестігі-Батыс дирекциясының атқарушы директоры Дәурен Сұлтамұратовтың басшылығымен таңалакеуімінен бүгінгі толаскезге дайындық басталды. Серіктестіктің Белкөл ПМС директоры Айдарбек Әбілдаев жеке құраммен әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі толаскездің талапқа сай өткізілуін бақылауға Қызылорда жол дистанциясының диагностикалық бөлімі мен телім басшылары, инженерлер, дистанция жолшыларынан 10 шақты теміржолшы қатысуда.

– Дистанция бойынша биыл жасалуы жоспарланған 27 км жолды күрделі жөндеу жұмыстарын мамыр айында бастаған «Integra Construction KZ» серіктестігінің ұжымы кестеге сай бекітілген уақытта толық атқарып шықты. Ендігі күрделі жөндеу осы 16-бекет пен Сұлтөбе станциясы аралығында жүргізілуде. Жөндеу жұмысын жүргізіп жатқан серіктестік сенімді, жол жөндеу техникаларымен түгел қамтылған, – деді әріптестерінің жұмысын бақылап жүрген Қызылорда жол дистанциясы Диагностикалық бөлімінің басшысы Досжан Тәжімұратов.

Бүгінгі толаскез кезінде 1,2 км жолға отандық



өнімнің жаңа рельсін төсеу межеленген. Жол төсемін тазартып әзірлеуге кіріскен ауыр тракторлардың, тегістегіш грейдерлердің ізін ала екі топқа бөлінген жұмысшылардың бір тобы ескі жолды жинастыру жұмысын жасаушы УК-25/18 краны маңына, екінші тобы жол төсемі әзірленген тұстан жаңа рельс тізбектерін салуға арналған екінші УК-25/18 жанына шоғырланып, жұмысқа кірісті.

Алдымен SD22 және Ч2К маркалы бірнеше ауыр тракторлармен 30-40 сантиметр шамасында жолды сүріп, бірнеше грейдер оны тазалап тегістегеннен кейін жолды УК-25/18 кранының көмегімен төсеу жұмыстары басталды. Әр теміржолшы өзінің атқаратын жұмысымен ғана айналысып, басы артық қимыл жасамайды, біріне екіншісі кедергі келтірмейді. Бірі қолына бақанға ұқсас ұзын ағаш-шаблонмен салынатын плетті жоғарыдан кранмен түсіріліп келе жатқанда қыстырып алып, жол жиегіне қағылған қазықпен аралықты өлшемге алып жолдың түзу төселінуін қадағаласа, екіншісі төселген жолмен салынатын плеттің арақашықтығын шаблонмен қыстырып тұрып өлшеп салу секілді жұмыстарды атқаруда.

Күрделі жөндеу кезінде салынған жаңа жолға қажетті қиыршық тас төсемін төсейтін Хопер-дозатор техникасы, ауыр жол машиналарынан ВПО, ЛБ және МРД арнайы техникалары – теміржолшылардың ең сенімді серігі екен. Сонымен қатар ескі рельстерді жинастырып жанақсын төсеуге қажетті УК-25/18 крандары, жол төсемін сүріп қайта жаюға жұмылдырылатын бірнеше SD22 және Ч2К маркалы ауыр тракторлар мен өзге де қосалқы техникалар қызметі мүлтіксіз болды.

Жалпы, бүгінгі толаскезге 10-нан аса ауыр жол машинасы, 15 техника жұмылдырылып, 100 шақты теміржолшы жұмыс жасауда деп мәлімет берді «Integra Construction KZ» серіктестігі-Батыс дирекциясының атқарушы директоры Дәурен Сұлтамұратов.

Толаскезден кейін жол ашылып, алғашқы жылдамдық 25км/сағатқа, сосын онан 60 км-сағатқа көтері белгіленеді. Осы аралықта жол төсемі технологиялық талапқа сай бақылауда болады. Мамандардың пікіріне қарағанда осы күрделі жөндеуден кейін телімде жылдамдықты бірнеше есеге арттыру жоспарда бар.

Суретті түсірген автор

СЕРВИС

АРЫС ВОКЗАЛЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Былтыр 24 маусым күні Арыс қаласында таңғы сағат 9.20 шамасында №44859 әскери бөлімінде оқ-дәрі салдарынан жарылыс орын алып, бүкіл елді дүрліктіргенін қазақстандықтар ұмыта қойған жоқ.

Жаная СЫДЫҚБАЙ,
Арыс

Соңғы жарылыс 25.06.2019 жылы сағат 12.50 тіркелді. Жарылыстың салдарынан Арыс қаласында тұрғын үйлер, ірі маңызды стратегиялық орындар, мемлекеттік ғимараттар, әлеуметтік және бизнес нысандарының есік-терезелері сынып, қирап қалған болатын. Кейбір үйлерге, ғимараттарға снарядтар түсіп, түгі қалмай жанып кеткендері де болды. Соның ішінде Арыс қаласының ең маңызды, стратегиялық нысандары Арыс-1 және Арыс-2 вокзалдары да



қатты зақымданған болатын.

Арыс вокзалының басшысы Жасұлан Садықов қазіргі таңда вокзалдар жөндеу жұмыстарынан кейін қайта

қалпына келіп, жұмысын жалғастырып жатқанын жеткізді.

«Былтыр Төтенше жағдайға сәйкес, арнайы комиссия құрылып, комис-

сия мүшелерінің шешімімен Арыс-1 вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» басшылығымен шілде айында басталып, 4 ай ішінде аяқтап, пайдалануға берілді. Ғасырдан асатын тарихи бар маңызды нысандар өздерінің архитектуралық үлгісін сақтай отырып жөнделді, бүгінгі таңда Арыс-1, Арыс-2 вокзалдары да карантиннен соң қайта ашылып жұмысқа кірісті», – деді вокзал басшысы Жасұлан Садықов.

Коронавирус індетіне қатысты теміржол байланысы тоқтап қалған болатын. Қазір қайта іске қосылған вокзалда карантинге қатысты барлық шаралар, тазалық сақтау ережелері, маскалық режим қатаң сақталған. Вокзалда 36 адам халыққа қызмет көрсетеді, оның ішінде Арыс-1 вокзалында – 24, Арыс-2 вокзалында 11 адам жұмыс істейді. Арыс-1 вокзалынан тәулігіне 6 жұп, яғни 12 пойыз қатынаса, Арыс-2 вокзалында 4 жұп, яғни 8 жолаушылар пойызы қатынауда.

Суретті түсірген автор

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Әлемдік пандемияға қарсы күрес тоқтамаса да індеттің таралуы бәсеңсіп, теміржол қатынасы жанданды. Алгоритм тәртібімен жолаушылар тасымалының қызметі де кезең-кезеңмен іске қосылып жатыр. 10 маусымнан бастап Ақтөбе станциясында тағы үш бағыт іске қосылды. Стратегиялық нысанда қауіпсіздік шаралары қатаң сақталған.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Осыған дейін өңірде №33/34 «Ақтөбе-Алматы-Ақтөбе», №309-310 «Ақтөбе-Маңғыстау-Ақтөбе», №6991-6992 «Ақтөбе-Шалқар-Ақтөбе» бағытындағы жолаушылар пойыздары қатынасты бастаған болатын. Енді олардың қатарын №23/24 «Ақтөбе-Алматы-Ақтөбе», №691/692 «Ақтөбе-Атырау-Ақтөбе», №613/614 «Ақтөбе-Орал-Ақтөбе» бағыттары бойынша жолаушылар пойыздары толықтырды. – Төтенше жағдайдан кейін жолаушылар пойызы карантин талаптарын сақтай отырып, ішкі рейстерді бастады. Бүгіннен бастап Ақтөбе станциясынан тағы үш жұп пойыз қосылды. Осыған дейін вокзалға күніне 2-3 мың жолаушы келіп-кететін болса, енді халық санының екі есеге артаыны белгілі. Карантин талабы бойынша осыған дейін перронға, пойызға қолында құжаты бар жолаушы ғана өткізіліп келсе, 10 маусымнан бастап, күтіп алушылар мен

шығарып салушыларға да кіруге рұқат беріліп жатыр, сондықтан бізге жұмыс көбейді, – дейді Ақтөбе вокзалының басшысы Тойбазар Қуанышев.



Жолаушылар пойызының іске қосылуымен вокзал тірлігі де қыза түскен. Кіреберісте санитарлық душ, медициналық бетперде тәртібі қатаң сақталған. Сонымен қатар, бір жерге шоғырланбау, белгілі арақашықтықты сақтау талаптары ескерілуде. Желілік



полиция қызметкерлері вокзалдың кіре берісінен бастап, пойызға мінгенге дейінгі жолаушылар қозғалысының тәртібін қатаң бақылап тұр. – Төтенше жағдай кезінде станция аумағында 430-дан аса әртүрлі әкімшілік хаттама толтырылды. Соның ішінде төтенше жағдайды бұзғаны үшін 22 дерек тіркелді. Ұсақ бұзақылықтар да болды. Талап пен тәртіп жұмыстары күшейтілді. Халық та түсіністікпен қарап жатыр. Сол себепті көп жағдайда тек ескертумен ғана шектелеміз, – дей-

ді Ақтөбе станциясы желілік полиция бөлімінің басшысы Сарбай Сәрсенов.

Желілік тәртіп сақшылары вокзал аумағынан бөлек, пойыз ішіндегі талаптың сақталу тәртібін де қатаң бақылауға алған. Түсу-міну кезіндегі арақашықтықтың сақталуы жөне купеден маскасыз шықпау қадағаланады. Егер жолаушының қызуы көтеріліп, өзін жайсыз сезінетін болса, жолсеріктер тиісті орындарға бірден хабар береді. Бірақ төтенше жағдайдан кейін іске қосылған жолаушылар қызметінің он күндігінде мұндай жағдай тіркелмеген.

Суретті түсірген автор

АКТУАЛЬНО

СТАВКА НА ОБНОВЛЕНИЕ

Отечественный вагоностроительный завод «Тұлпар» поставил для АО «Пассажирские перевозки» очередную партию своей продукции. Уже в этом месяце 28 новых вагонов начнут курсировать в составе маршрутов на западе и севере страны.

Руслан РАХМЕТОВ

В прошлом году вагонный парк компании пополнялся новыми вагонами плацкартного и купейного типов в количестве 91 единицы, которые успели себя хорошо зарекомендовать и с успехом курсируют по направлениям Алматы – Мангистау, Атырау – Нур-Султан, Атырау – Алматы и Нур-Султан – Сарыағаш. Стоит отметить, что с начала текущего года АО «Пассажирские перевозки» уже приобрело у завода 18 вагонов, а до конца летнего сезона планируется завершающая поставка еще 22 единиц плацкартного типа, которые будут направлены на направления Атырау – Мангистау, Нур-Султан – Семей и Алматы – Жезказган. Данные вагоны собраны по технологии ОАО «Тверской вагоностроительный завод» и приобретены в рамках реализации государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол».

В этом вагоне применены самые последние новшества, относительно комфорта и безопасности пассажиров. Срок службы новых вагонов – 40 лет. Судя по положительным отзывам, вагоны нравятся пассажирам, и мы рады, что наше



изделие соответствует всем требованиям заказчика, – отметил управляющий директор ТОО «Вагоностроительный завод «Тұлпар» Евгений Хазов.

Вагоны рассчитаны на 54 спальных места и оборудованы в соответствии с современными требованиями, включая индивидуальные источники электропитания.

В вагоне также имеется холодильник,

микроволновая печь, диспенсер с питьевой и титан с горячей водой, установлена система кондиционирования, оснащенная фильтрами для обеззараживания и очистки воздуха.

Также в целях безопасного проезда пассажиров в составе предусмотрена система видеонаблюдения.

На этом плюсы нового вагона не заканчиваются. Для безопасности пас-



сажиров их оснастили противопожарной системой. Ну и, пожалуй, наиболее востребованное обновление вагона – электронная панель, оповещающая пассажиров о занятости санузлов, маршруте поезда и температуре воздуха. К слову, два биотуалета размещены рядом, в конце вагона, и экипируются 1200 литрами воды.

На сегодняшний день вагонный парк национального перевозчика составляет порядка 2200 единиц, и судя по данным статистики, плацкартные вагоны остаются самым популярным классом обслуживания: больше половины пассажиров выбирают для путешествий такие типы вагонов.

Стоит отметить, что в АО «Пассажирские перевозки» принята стратегия по обновлению подвижного состава до 2029 года в рамках которой планируется приобрести 469 пассажирских вагонов, отвечающих самым последним международным требованиям по безопасности, комфорту и экологичности.

Фото Александра ЖАБЧУКА

СОВЕЩАНИЕ

ЗАМЕЧАНИЙ СТАЛО МЕНЬШЕ

В настоящее время селекторные совещания в Карагандинском отделении грузовых перевозок проходят в формате «онлайн».

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам главного ревизора департамента безопасности по Карагандинскому участку Булатбека Какенова, на начальников станций возлагается большая ответственность по обеспечению безопасности на железнодорожных путях.

– Сотрудники местных станций, дистанций пути, дистанций сигнализации и связи на местах составляют дефектные

ведомости с оценкой состояния путей, рассказывает Булатбек Какенов. – Как известно, на некоторых участках давно истекли сроки годности многих строительных материалов, в том числе верхнего строения путей, контактных сетей, устройств СЦБ и связи. Эти недочеты необходимо устранить для стабильного жизнеобеспечения железнодорожного транспорта и движения поездов. Во избежание наезда на людей необходима совместная работа с ЛОУД, транспортной полицией и населением.

По-прежнему на повестке дня наиболее приоритетными остаются вопросы, связанные с регулярным осмотром технического состояния полотна, локомотивов, состава и дополнительного оборудования, а также своевременное устранение неисправностей. Кроме того, необходимо соблюдение всеми работниками правил по эксплуатации, а также правил безопасной работы на железнодорожных путях, неукоснительное следование правилам безопасности при перевозке людей и

погрузке-выгрузке товаров. Пассажиры должны быть хорошо осведомлены о технике безопасности.

В прошлом году во время проверки комиссия выявила несоответствие технической документации – устаревшие инструкции, которые использовали начальники станций и работники дистанций сигнализации и связи.

Всего по результатам проверки в 2019 году выявлено 967 замечаний. Из них 32 закрытия путей и 57 ограничений скорости. В этом году их стало значительно меньше. Всего по НЖС-4 введено 260 пар плетей. Также проведена работа по установке плетей с применением гидравлических натяжных устройств (ПНУ). Так, в ПЧ-27 закреплено 97 пар, ПЧ-24 – 51 пара, ПЧ-26 – 63 пары, ПЧ-28 – 40 пар. Итого 251 пара плетей введена в расчетный температурный рабочий режим.

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

УЛОЖИТЬСЯ В СРОК

В Алматинском отделении магистральной сети набирают темп летние путевые работы – самый ответственный период, где от качества ремонта зависит объем круглогодичных грузовых перевозок и стабильность работы дороги в пиковый летний сезон перевозки пассажиров. Капитальный ремонт пути в регионе запланирован в объеме 76,7225 километра.



Ремонтные работы проходят на участках Актогайской дистанции пути – 34,6278 километра, и Бескольской дистанции пути в объеме 42,0947 километра. Все работы проводятся с обеспечением технологических

«окон». Первое из них проведено в начале апреля текущего года на перегоне Сары-Кум – разезд 5 участка Актогай – Достык.

Уже на сегодняшний день уложили рельсошпаль-

ную решетку в объеме 22,727 километра, выгрузили щебенку – 1530 единиц ХДВ (58938 кубометров), уложена одна пара плетей бесстыкового пути с дальнейшим удлинением до перегона. Проведено 18 «окон» продолжительностью 6 часов по укладке РШР.

Как отмечает начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нурболат, все работы проходят строго с соблюдением личной безопасности, а условия труда и быта позволяют железнодорожникам качественно выполнять работу и уложиться в срок.

Не секрет, что работы по содержанию и ремонту железнодорожного пути и сооружений характеризуются повышенной опасностью и специфичностью труда. Они выполняются непосредственно на путях, зачастую в условиях непрерывающегося движения поездов. Ограниченная рабочая зона, большая протяженность фронта работ и ограниченный обзор создают повышенную опасность выполнения таких работ. Поэтому вопросы охраны труда здесь выходят на первое место. Стоит сказать, что и климатические условия здесь сложные, летом – изнуряющая жара, пыльные бури, ливневые дожди, ветры. Поэтому руководство магистральной сети старается создать хорошие условия труда для проведения путевой страды. Предусмотрена и планомерно-предупредительная выправка пути, когда вагон-путеизмеритель фиксирует неисправности состояния пути (возможные изгибы, деформации рельсов), после чего проводит выправку с помощью специальной техники. Предстоит также и удлинение плетей бесстыкового пути с применением путевой рельсоварочной самоходной машины (ПРСМ) с укладкой высокопрочных изолирующих стыков.

Выполнение плановых ремонтных работ в срок является залогом безопасности движения и повышения качества обслуживания пассажиров, а также увеличения скорости грузовых и пассажирских составов.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
фото автора

БЕЗОПАСНОСТЬ

БЕСПЕЧНОСТЬ НЕДОПУСТИМА

На станции Нилды Карагандинской области ежеквартально проводятся беседы с населением по предупреждению нахождения скота близи железнодорожного полотна.

Лана ВЕРШИННИНА,
Караганда

Совместно с представителями акимата и сотрудниками линейного отдела полиции проводится разъяснительная работа с пастухами. Об этом сообщил начальник ула Масел Кенесулы.

– Всего на станции Нилды проживает около тысячи человек. Практически в каждой семье имеется живность,

– рассказывает Масел Кенесулы. – В связи с этим очень важно, чтобы во время выпаса скота за ним был строгий присмотр. Как правило, эти функции выполняет пастух. Он должен хорошо ориентироваться на местности и осуществлять выпас живности не ближе 200 метров к насыпи железнодорожного полотна. Одним словом, нести полную ответственность за доверенных сельчанам домашних животных.

В поселке также находится общеобразовательная

школа, в которой обучается 240 детей. Последние три месяца из-за введения в регионе карантина, связанного с Covid-19, школьники обучались дистанционно. Однако профилактическая работа не прекращается. С родителями учащихся и с детворой регулярно проводятся беседы о том, что железная дорога – зона повышенной опасности. Это правило особенно актуально в период летних каникул. Ребята предупреждают, что переход железной дороги в неустановленных местах, езда на крыше и между вагонами, игры на железнодорожном полотне и другие шалости недопустимы. Во время учебного процесса работники линейного отдела полиции демонстрировали видеоролики о правилах безопасности на железной дороге.

– Все школьники информированы о том, к каким трагическим последствиям может привести беспечность на объекте повышенной опасности, – предупредил учащийся Масел Кенесулы.

НОВОСТИ

ПЕРВЫЙ ИЗ МОСКВЫ

Запущен первый контейнерный поезд из Москвы в провинции Китая через Казахстан. Экспедирование знакового поезда по территории РК осуществлено АО «KTZ Express».

Так, в мае текущего года организован запуск нового контейнерного поезда в составе 62 сорокафутовых контейнеров с нефтехимическим грузом из Москвы (со станции Кулава) в провинции Китая транзитом по территории Казахстана.

Контейнерный поезд прибыл на территорию Казахстана из России через пограничный переход Озинки/Семиглавый Мар, затем через погранпереход Достык/Алашанькоу отправился в китайские города Чунцин и Циндао.

Время в пути следования по территории РК составило три дня. Запуск нового контейнерного поезда направлен на развитие транзитного контейнерного потенциала и является примером стратегического сотрудничества железнодорожных администраций России, Казахстана и Китая.

Отмечается высокая востребованность организованного сервиса. В перспективе контейнерный грузопоток по указанному маршруту планируется увеличить и организовать регулярное курсирование контейнерного поезда с привлечением новых участников транспортно-логистического рынка.

Асель ШАЙХЫНОВА

ДОСТУП НА ПЕРРОН РАЗРЕШЕН

С 10 июня в связи со смягчением карантинных мер на железнодорожных вокзалах и в поездах провожающих начали пускать в здания вокзалов и на перрон.

Как и прежде, граждане смогут войти в здание железнодорожных вокзалов только после проведения бесконтактной термометрии.

– Запрет на допуск провожающих на вокзалы отменен, но при этом необходимо строго соблюдать социальную дистанцию, масочный режим, ограничивать движение пассажиров между вагонами и их скопление, проводить усиленную дезинфекцию, – говорит начальник отдела по организации технологического процесса и сервиса вокзалов филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Толеген Саматов. – Это сделано в соответствии с изменениями, внесенными в постановление главного государственного санитарного врача на транспорте от 14 мая 2020 года № 9 «О санитарно-карантинном контроле при возобновлении регулярных внутренних железнодорожных сообщений».

Кроме этого, планируется возобновить работу вагонов-ресторанов и вагонов-баров. Работа в них будет организована способом доставки по предварительному заказу пассажиров, при условии строгого соблюдения санитарно-дезинфекционного режима и других ограничительных мер.

К слову, со дня возобновления внутреннего регулярного железнодорожного сообщения более 100 тысяч пассажиров прошли анкетирование. Случаев заражения коронавирусом среди пассажиров не зарегистрировано. Однако в случае несоблюдения пассажирами санитарно-карантинных мер, они будут вновь жесточеены.

Асиян КУДАБАЕВА, Костанай

МАТЕРИАЛЫ ПРИГОДЯТСЯ

В Защитинском регионе путейцы расформируют противоразмывные поезда, которые были укомплектованы на время противопаводковых мероприятий. Все выгружаемые материалы в дальнейшем будут использованы для ремонтных работ.

– В связи с благоприятными погодными условиями в этом году противоразмывные поезда не были задействованы, – рассказал ведущий инженер отдела пути Семейского отделения магистральной сети Амангазы Сембинов. – Сейчас паводковые воды отошли, угроза миновала. В связи с этим, согласно телеграмме вышестоящего руководства из АО «НК «ҚТЖ», идет расформирование противоразмывных поездов.

Весной этого года для борьбы с возможными последствиями паводковых вод в Защитинском регионе было сформировано два противоразмывных поезда, которые дислоцировались на станциях Оскемен-1 и Серебрянка. По данным Амангазы Сембинова, они состояли из двух крытых вагонов, в которых находились инструменты для водоборьбы, и также в их составе находилась 21 платформа – с рельсовыми пакетами, железобетонными шпалами, камнями.

– Выгруженные материалы в дальнейшем используются для ремонта искусственных сооружений и путей, – дополнил Амангазы Сембинов.

Ольга УШАКОВА

ҚҰЛБАСАНОВ БАУЫРЖАН
ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

Жем локомотив пайдалану депосы бастығының пайдалану жөніндегі орынбасары Құлбасанов Бауыржан Ұзақбайұлының мезгілсіз қайтыс болғанын хабарлап, туған туыстарының қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтамыз.

Бауыржан Ұзақбайұлы 1967 жылы 18 қыркүйекте Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ембі қаласында дүниеге келген. 1974-1984 жылдар аралығында Ембі қаласы №456 теміржол мектебінен орта білім алған.

Еңбек жолын 1986 жылы Ақтөбе локомотив жөндеу депосында 2-санатты слесарі болып бастаған. 1986-1988 жылдар аралығында Отан алдындағы ескери борышын атқарған.

1988 жылы елге оралғасын еңбек жолын Ақтөбе локомотив депосында тепловоз машинист көмекшісі болып жалғастырған. 1989 жылы Ембі локомотив депосына тепловоз машинистің көмекшісі болып жұмысқа ауысқан.

1994-2011 жылдарының аралығында Ембі локомотив депосында тепловоз машинисті, аға шебері, аға локомотив қаблдаушысы, бастықтың қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі, локомотив бригадаларының машинистің нұсқаушысы қызметтерін атқарған.

2011 жылдан осы уақытқа дейін Жем локомотив пайдалану депосында бастықтың пайдалану жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Өзінің 52 жұлғында марқұм Бауыржан отбасына үлгілі жар, балаларына жақсы әке, туысқа қамқор, досқа адал жан бола алды.

Әріптесіміз Бауыржан Ұзақбайұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Пейіште нұры шалқын, артындағы ұрпақтарына өмір берсін.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ
филиалы «Ақтөбе ЖТ бөлімшесі»
Жем локомотив пайдалану депосы

ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

АНАЛАР ЕҢБЕГІ – ЕРЛІКТІҢ ХАС ҮЛГІСІ

Ұлы Жеңіс оңайшылықпен келмегені белгілі. Соғыста қан майдан қызып жатса, тылда еңбек майданы жүріп жатты. Сол күндердің жаңғырығы талай жүректерде әлі күнге сақталған. Әсіресе, тылдағы аналар еңбегі – ерліктің нағыз хас үлгісі болғанына тарих куә.

Шахидә ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстаулық ардагер-теміржолшы Қожахмет Уәзірді кім білмейді?! Маңғыстау теміржолына ерен еңбегі сіңген Құрметті теміржолшы, Құрмет орденінің иегері, Маңғыстау облысы және Мұнайлы ауданының Құрметті азаматы 1978 жылдан 2015 жылға дейін аянбай тер төгіп, түбек теміржолын дамытуға бір кісідей еңбегі сіңген абыройлы ақсақалдан біз бұл жолы өзі туралы емес, оны тәрбиелеп, жеткізген анасы – тыл еңбеккері Қанбөпе Уәзірова жайлы естелік сұрадық.

Тыл ардагері Жеңістің 75 жылдығын көрмесе де, сұрапыл жылдары жеңіс үшін отқа да, суға да түскен ананың есімі ұрпақтар жадында мәңгі сақталып, елі-жұрты құрметпен еске алып, көз-көргендер естеліктерімен бөліседі. Қанбөпе Балқызы да бертің келе теміржолшы болыпты, 1966-1972 жылдары түбек теміржолында жол монтері болып еңбек етіп,


Маңғыстау жол дистанциясынан зейнетке шыққан.

– Анам соғыс кезіндегі елдегі ауыр жағдай, тек жеңіс үшін деген ұранмен аш-жалаңаш еңбек еткен кілен кемпір-шал, бала-шаға жайлы көп әңгіме айтатын. Маңғыстаудың Тұщыбек ауылында дүниеге келген ананың әкесі Бал мен шешесі Апақай ел қатарлы жұмыс істеген шаруа адамдар болған. Өзі ауылдағы орталау мектепте сауат ашқан. Соғыс жылдары колхоз жұмысына жегіліп, таңды таңға ұрып, мал шаруашылығында еңбек етіпті. Тұщыбек жерінде бұлақ суы көп. Соны пайдаланып анамыз соғыс кезінде бөгет жасап, суды жинап, егін салыпты. Бағына қарай жерге тастаған дөңі көктеп шығып, қырық күндік тарыдан біраз өнім жинайды. Ол уақытта тары таптырмайтын, әрі тойымды тағам. Ауыл елге үлестіріп, бір қауым ел талғажу еткен екен. Қауын-қарбыз да өсіріп, оны да колхозшыларға үлестірген. Майдандағы азаматтарға ауылдағы қыз-келіншектер жиналып киім-кешек тігіп, биялай, бокебай тоқып

майданға жөнелтіп отырған. Мал сауып, сүттен құрт, ірімшік істеп, апта сайын Форт-Шевченко қаласына тапсырып тұрған. Анам осыларды айтып отырғанда, баламыз ғой аса мән бермейді екенбіз. Бертің келе, есіміз кіргенде түсіңдік қой, қандай сұрапыл болғанын, – дейді Қожахмет Уәзір анасы жайлы естелік шертіп.

Айтқынша, Қанбөпе әжейдің ұйымдастырушылық қабілеті мықты болған екен. Сонысын пайдаланып, соғыс кезінде талай іске мұрындық болған. Бертің келе ауылдағы Әйелдер кеңесінің төрайымы болып сайланған, облыстық стахановшылар слетіне қатысқан.

– Анам көпшіл адам еді. Қашан да дастарханы жаюлы, қонағы арылмайтын. Сол пейілінің арқасында соғыс біткеннен кейін елге концерт қоюға келген әрістер де біздің үйге келіп, ол кісінің дастарханынан дәм татпай кетпеген. Сондай бір жолы Ғарифулла Құрманғалиев келіпті бір топ өнерпаздармен, қатарынан екі күн концерт қойып, одан үйге



келіп мейман болып, домбырасымен таң атқанша ән айтып, оған бүкіл ауыл жылып, нағыз мереке болғанын анам тамсанып айтып отыратын. Сол келгенде Ғарифулла Құрманғалиев мені алдына отырғызып: «Еліне елеулі, халқына қалаулы азамат болсын!» – деп, бата беріпті.

Қанбөпе Уәзірова 7 – бала тәрбиелеп өсірген ана. Барлығы да оқып, бір бір мамандық алған. Ғасырға жуық ғұмыр сүріп, 2014 жылы 97 жасында өмірден өткен тыл ардагері, Ұлы Жеңістің 40, 50, 60 жылдық мерекелік медальдарымен марапатталған.



АЛМАҒАНБЕТА АСҚАРА АЛМАҒАНБЕТҰЛЫ – начальница Казалинской дистанции электроснабжения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Кызылординское отделение магистральной сети» (18 июня).

ДИНАСТИЯ

ОБЩИЙ СТАЖ – 140 ЛЕТ

Инженер-технолог первой категории станции Майкудук Ольга Кирияк-Дорофеева продолжает дело своей семьи железнодорожников в четвертом поколении.

В общей сложности стаж железнодорожной династии Кирияк составляет более 140 лет. История семьи начинается с прадеда Ольги – Григория Ивановича Кирияка. Он родом из Западной Украины. В годы коллективизации после раскулачивания семью прадедушки направили в Караганду. В угольную столицу семейство добиралось в вагончиках-теплушках. По распределению они попали в поселок Мойынты. Там Григорий Иванович участвовал в строительстве железной дороги. Затем он работал дорожным мастером в службе пути. А прабабушка Ольги трудилась старшим оператором по обработке перевозочных документов.



– Дело прадеда продолжил мой дед – Константин Григорьевич Кирияк 1928 года рождения. Свою трудовую деятельность он начал в 1948 году дежурным по станции на станции Кокдонбак. Спустя 32 года дедушка был назначен начальником станции Мойынты. 15 января 1988 года ушел на заслуженный отдых. Мой дед был награжден знаком «Почетный железнодорожник». Затем он передал семейную эстафету моему отцу – Виктору Константиновичу, который работал начальником в службе НГЧ в 80-х годах. Его бригада обслуживала 10 двухэтажных домов в новом микрорайоне на станции Мойынты. Затем по состоянию здоровья отца перевели на другую должность – регулировщиком скорости движения вагонов на сортировочной горке. Моя мама Татьяна Петровна Кирияк также трудилась в железнодорожной сфере – электромехаником также в ШЧ-19, а затем электромехаником ЛАЗ на станции Караганда-Пассажирская. Сейчас она находится на пенсии.

Ольга Дорофеева решила продолжить дело своих предков. У нее весьма интересная биография, в которой важное место занимает железная дорога.

Она пошла в школу раньше сверстников – в 5 лет. В 14 лет ей выдали аттестат об окончании 8 классов. В 1991 году поступила в финансово-экономический техникум в Акмоле. Однако женщина решила не останавливаться на достигнутом и приняла решение получить еще одну специальность – «организация перевозок и управление движением на железнодорожном транспорте».

На железной дороге Ольга Дорофеева трудится с 2012 года. Начинала работать оператором при дежурном по станции на станции Майкудук, затем временно замещала инженера-технолога. После замужества переехала в Караганду. Там на станции Караганда-Пассажирская исполняла обязанности инженера по охране труда. В 2018 году должность женщины пошла под сокращение, и она вернулась на свою родную станцию, где в настоящее время трудится инженером-технологом первой категории.

– В мои обязанности входит работа по ведению нормативно-технической документации. Ко всему прочему, принимаю участие в разработке технологического процесса, заполняя ведомости по должностным инструкциям, инструктажу, табелю учета рабочего времени, по безопасности и охране труда, составляю протоколы по проверкам и нормативам, анализу эксплуатационных показателей и по безопасности движения, – делится Ольга. – У меня складываются хорошие отношения с коллективом, в котором трудятся в основном молодые сотрудники от 20 до 35 лет. Я их консультирую по рабочим вопросам 24/7. В шутку я называю молодежь своими детьми.

В общей сложности женщина отдала железной дороге 8 лет. Она и дальше намерена продолжать дело своих предков и уверена, что эта цепочка не разорвется никогда.

Светлана МОГАЙ, Караганда

ВЫСТАВКА

БЕЗ ПРАВА НА ЗАБВЕНИЕ

Более 100 уникальных фотографий представляет АО «НК «ҚТЖ» в первой виртуальной выставке «Что такое Турксиб?», посвященной 90-летию Туркестано-Сибирской магистрали.

Эти фотографии – как свидетели целой эпохи. Разглядывая снимок за снимком, посетители выставки, словно на машине времени, перенесутся почти на 100-летие назад и станут участниками грандиозной стройки века. Экспонаты выставки интересны не только для железнодорожников, а абсолютно для каждого. Ведь строительство Турксиба радикально изменило уклад степняков и внесло свои коррективы в создание железнодорожной сети всего региона.

Ценные исторические снимки о Туркестано-Сибирской магистрали бережно собирались не одно десятилетие, и главная идея экспозиции – рассказать о самых ярких и значимых событиях истории ее строительства.

Асель ШАЙХЫНОВА

БАЙҚАУ


ЖАЗ – МЕНІҢ АРМАНЫМ

Үстіміздегі жылдың 11 маусымында Қарағанды бөлімшесінде онлайн-режимінде өткен «Жаз – менің арманым» балалар суреті байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Нұрбек БЕКЕН

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ Қарағанды филиалы балаларды қорғау күні қарсаңында, яғни 25 мамыр мен 5 маусым аралығында «Жаз – менің арманым» балалар суретінің байқауын өткізген болатын. Түрлі түсті бояумен және карандашпен салынған шығармашылық жұмыстар онлайн режимінде ұсынылды. Байқауды ұйымдастырушылар суреттердің тақырыпқа сай бояулары ашық та қанық болғанын, әр суретте бала қиялынан туындаған бақытты сәттер, әдемілік әлеміне жетелейтін жақсы көріністер сәтті берілгенін айтады.

Сонымен, биылғы байқаудың қатысушысы және жеңімпаз ретінде 57 бала танылып отыр екен. Кәсіподақ филиалының төрағасы Яхия Альмусин суреттер байқауы филиал тарапынан



жыл сайын өткізіліп тұратынын және де осы конкурста қатысқан барлық балаға алғысын білдірді. Instagram-да ұйымдастырылған конкурстық жұмыстар көрмесі расында жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй, оң эмоция сыйлағаны байқалады.

Арнайы сыйлықпен марапатталғандар қатарында «Instagram-дағы шығармашылық табыс» номинациясы бойынша Қарағанды Жомарттың (Жаңаарқа

жол дистанциясы), «Бояулардың ашықтығы және қызықты композициялық шешім» номинациясында Асанов Қазымбектің (Жаңаарқа белгі беру және байланыс дистанциясы) жұмыстары атап өтілді. Сондай-ақ, үш жүздеп орын бойынша 6 жасан 8 жасқа дейінгі балалар арасында Мироненко Константин (Қарағанды белгі беру және байланыс дистанциясы), Жанболат Айғаным (Балқаш белгі беру және байланыс дистанциясы), Исакаев Әли (Ақадыр белгі беру және байланыс дистанциясы), ал 9 жасан 12 жасқа дейінгі балалар арасында Дәулетбай Дарига (Ақадыр белгі беру және байланыс дистанциясы), Шмелева Ульяна (Қарағанды электрмен жабдықтау дистанциясы), Садық Фатима (Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі) ақшалай сыйлықпен марапатталды. Барлық қатысушыларға дипломдар мен ынғалаңдыру сыйлықтары табыс етілді.

Сурет архивтен

ПРОФИЛАКТИКА

СОБЛЮДАЯ ЗАКОН

С 10 июня текущего года возобновился второй этап движения пассажирских и пригородных поездов. В связи с этим полицейские на транспорте проверили соблюдение санитарных норм на столичном железнодорожном вокзале.

Руслан РАХМЕТОВ

Напомним, с 1 июня в Казахстане частично возобновлено движение поездов. На прошлой неделе были восстановлены дополнительные маршруты. В поездах инспекторы контролируют ношение масок и соблюдение общественного порядка. На вокзалах действуют рекомендации социальной дистанции и бесконтактного измерения температуры. За минувшие десять дней полицейские на транспорте зафиксировали 822 административных правонарушения. Чаще всего они

связаны с пересечением железной дороги в неполюженных местах.

С момента возобновления движения поездов на обслуживаемом участке в ЛУП на станции Нур-Султан выявлено 61 правонарушение. Также за короткий промежуток времени зарегистрировано 8 экстренных торможений поездов. Из них 3 из-за людей и 5 из-за домашних животных. Кроме того, зарегистрировано 35 правонарушений в их числе и переход людей в неустановленном месте.

Сегодня на станции Нур-Султан действует 10 линейных подразделений. Их главной задачей являются



обеспечение безопасности пассажиров, сохранность их имущества, а также безопасная перевозка грузов на подвижном составе. Общая протяженность обслуживаемого участка составляет 1269 километров. В поле их деятельности входит 2 столбчатых и 8 небольших железнодорожных вокзалов.

Согласно введенным ограничивающим правилам, вход на вокзал встречающих и провожающих был запрещен. Поэтому к составу поездов могли пройти только пассажиры

при предъявлении посадочного билета. Это вызвало определенное неудобство у пенсионеров, матерей и людей с ограниченными возможностями. Не все из них могли позволить себе оплатить услуги носильщиков либо самостоятельно донести багаж до поезда или, наоборот, до автобусной остановки. В связи с этим сотрудники ЛУП и железнодорожники, кроме выполнения своих функциональных обязанностей, помогали пассажирам с их багажом.

Фото автора



«Нур-Медиа» ЖШС Бас директоры
Болат КАЛЬЯНБЕКОВ

Бас редактор
Дина МУЗДУБАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Меруерт ӨМІРЗАҚОВА

Редакцияның мекен-жайы: Нур-Султан қ., Д.Қонаев көшесі 12/1, 507-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

Газет басылтын қалалар:
Нур-Султан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Саяғұлов көш. 7/2 «Ақтөбе-Сервис» ЖШС
Шымкент, Жасас Садыбай 8/707-390-17-18

Басылғанын таралымы 11533

Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нур-Медиа» ЖШС айналысады
© Жазына. Жарнама мәліметі жарнама беруші жауап береді.
«Қазақстан теміржолшысы» газетінің жарнама материалдары кезіңгі негізде негізде басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынған, газетке сілтеме жасалуы мүмкін.
Редакция авторлар мұқабасы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар: **Р. Рахметов, С. Басқоова**

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жәніш Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасыз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ

ГАЗЕТКЕ «ҚАЗПОШТА»
АҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ:

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
үшін индекс – 65358
қала бойынша баға – 3811,60 теңге
облыс бойынша баға – 4035,20 теңге

ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАР
үшін индекс – 15358
қала бойынша баға – 4657,60 теңге
облыс бойынша баға – 4881,20 теңге

ЖЕҢІЛДІК
АЛАТЫҢДАР ҮШІН
индекс – 55358
қала бойынша баға – 3691,60 теңге
облыс бойынша баға – 3915,20 теңге



АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ 8 (7172) 94-52-88